

Абайлаңыз жұқа мұз



Қырағы болыңыз! Мұз үстіне шығу өміріңізге қауіпті! **Мұз үстіндегі ережелер!**

Мұз үстінде өзінді сенімді ұстау және қолайсыз жағдайға қалмау үшін белгіленген ережені, апатқа ұшырағандар көрсету туралы шараларды білу және оларды дұрыс қолдану керек.

Мұздың беріктігін көзбен анықтауға болады: көгілдір түсті мұз - берік; ақ түсті - беріктігі 2 есе аз; сұр және асарғыш реңді мұз - сенімсіз. 12 см. қалыңдықтағы мұз өту үшін қауіпсіз болып есептеледі: жалғыз жаяу жүргіншілер үшін - 15-20 см., адамдар тобы үшін - 15-20 см., мұз айдынында және шанамен сырғанау үшін - 25 см. қалыңдықтағы мұз қауіпсіз. Мұз суықты өткізбейтін қалың қар жауып жатқан кезде айрықша сақтық таныту керек.

Егер де Сіз мұз астына құласаңыз

Мұз жарылған кезде сөмкеден тез арылу қажет, екі қолды жайып етпетімен жатып және қауіпсіз аймаққа еңбектеп өтуге әрекет жасау керек. Сіз қай жақтан келсеңіз, сол жаққа қарай қозғалуыңыз қажет! *

Жылымды іші тар жылгадан «шығу» қажет, мұз бетіне екбетінен арқаға жатып ауыса отырып және бір мезгілде мұз бетіне еңбектеп шығу керек.

Жылымды жерге құласаңыз, мұз бетіне сол құлаған жерден шығу керек.

Сіз мұз астына түсіп кетсеңіз, ең бастысы сабырлық пен салқынқандылықты сақтаңыз. Тіпті суда нашар жүзетін адам біраз уақыт суға батып кетпей тұра алады.

Үрейге берілмеңіз! Мұз бетіне қолыңызды кеңінен алшақ қойып еңбектеңіз. Әрекетіңізді аяқсыз қалдырмаңыз!

Суда төтенше жағдай пайда болған кезде 112 телефонына хабарласыңыз!



Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті